

Күрделі етістік

Күрделі етістіктер – сөзжасамның аналитикалық тәсілі арқылы жасалатын, құрамы екі етістіктің тіркесуінен тұратын, күрделі қимылды білдіретін дербес лексикалық бірліктер.

Қазақ тіл білімінде күрделі етістіктер сөзжасамдық құбылыс ретінде кейінгі жылдары, Сөзжасам саласының дербес сала болып қалыптасуымен байланысты таныла бастады. Бұған дейін құрылымдық грамматикада күрделі етістік ұғымына сөзжасам, лексика, морфология деңгейлерінің тілдік нысаны болатын, әрбасқа тілдік құбылысқа жататын күрделі етістікті тіркестер жатқызылып келді. Күрделі етістік мәселесіне арнайы тоқталған ғалымдардың төмендегі жіктемесі бұған дәлел.

И.Маманов күрделі етістіктерді құрамындағы негізгі етістіктердің мағынасына қарай *кесімді, босаң, бейімдік және қалау мәнді күрделі етістік* деп төртке бөледі. Автор кесімді күрделі етістікке негізгі сыңары өткен шақ көсемше (-n) формасында келетін (*алып кел, шауып кел, жеп қой, беріп жібер*), ал босаң күрделі етістікке негізгі сыңары -а, -е, -й тұлғасында келетін (*ала келу, айта бару, айта салу, отыра кету*) күрделі етістіктерді жатқызады. Ал күрделі етістік мақсатты көсемшенің *отыр, тұр, жатыр, жүр* көмекші етістіктерімен келсе, онда ол *бейімділік* күрделі етістік (*жазғалы отыр, ұйықтағалы жатыр*), күрделі етістіктердің бірінші сыңары *-ғы/-гі, -қы/-кі* тұлғасында, соңғы сыңары *кел* көмекші етістігінен тұрса (*алғың келеді, айтқым келді*), қалау мәнді күрделі етістік болады дейді [1, 62].

Ахмеди Ысқақ күрделі етістіктерді *күрделі құранды етістік, күрделі құрама етістік және тұрақты тіркестер* деп үшке бөліп көрсетеді. *Жәрдем ет, ән сал* деген күрделі етістіктер күрделі құранды етістік тобына, ал *алып кел, барып кел, бара кел* деген тіркестердің әрбір компоненті дербес мағынаға ие және әрқайсысы бір-бірінен кем емес, парапар болады деп, күрделі етістіктердің бұл түрін құрама күрделі етістік немесе жай күрделі етістік деп атайды. Ал күрделі етістіктің үшінші түріне грамматикалық жағынан бөлшектенбейтін және лексика-семантикалық жағынан бір ғана мағынаны білдіретін тұрақты тіркестерді (*жұмған аузын ашпай қойды, опық жседі, бас қойды*) жатқызады [2, 238].

Н.Оралбай күрделі етістіктердің *кіріккен, тіркескен, құранды, қосарланған және тұрақты тіркес етістіктері* деген түрлерін көрсетеді. Кіріккен күрделі етістікке екі сыңардан құралған және сыңарларының дыбыстық құрамы өзгерген етістіктерді (*анар (алып бар), әкел (алып кел), әпер (алып бер)*) жатқызады. Ал тіркескен күрделі етістіктер деп екі етістік сыңардан құралып, бір лексикалық мағына білдіретін, сыңарлары бөлек жазылатын сөздерді (*алып кет, көріп бер, біліп бер*) атайды. Құранды етістіктерге есім сөздерге көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалған (*қызмет ет, адам ет, ит қыл*) күрделі етістіктерді, идиомаланған күрделі етістіктерге қимыл мағынасындағы фразаларды (*көзге түрткі болу, төбе шашы тік тұру, көкке көтеру, инедейді түйедей ету*) жатқызады [3, 177].

Күрделі етістік мәселесі қазақ тіл білімінде алғашқы грамматикалар жазылуымен бірге енген термин болса да, оны тануда ғалымдар пікірі мен оларды жіктеу принциптерінде айырмашылықтар бар екендігін байқаймыз. Ғалымдардың бір тобы күрделі етістік ұғымына бірінші сыңары лексикалық мағына, екінші сыңары грамматикалық мағына үстейтін – аналитикалық форманттар мен екі сыңары да тең дәрежеде лексикалық мағына жасауға қатысатын – сөзжасамдық күрделі етістіктерді де жатқызса, бір тобы аталған құбылыстардың біріншісі – аналитикалық формалы етістікке, екіншісін – күрделі етістікке жатқызады. Келесі ғалымдар құрамына қарай күрделі етістік ұғымына құранды етістіктерді де, етістікті тұрақты тіркестерді де жатқызады.

Алайда жоғарыда берілген мысалдардың барлығы бірдей құрамы күрделі болғанмен, сөзжасамдық бірлік – күрделі етістікке жатпайды. Олар тілдегі құрамы мен мағына тұтастығы жағынан өзара ұқсас құбылыстар – **күрделі құрамды етістікті тіркестер:**

- 1) Аналитикалық формалы етістіктер (*келе сал, айта бер*);
- 2) Күрделі етістіктер (сөзжасамдық) (*кіріп шықты, келіп кетті*);
- 3) Құранды етістіктер (*қызмет ет, риза қыл*);
- 4) Етістікті тұрақты тіркестер (*көз ілмеу, құлақ аспау*);

Олардың белгілері:

- 1) Құрамы жағынан екі немесе бірнеше етістіктің (құрамында есім сөздер болғанда кемінде бір етістік) тіркесуінен жасалады;
- 2) Күрделі құрылым түйдектеліп келіп, бір ғана мағынаны білдіреді;
- 3) Сөйлемде бір ғана сұраққа жауап береді;
- 4) Сөйлемде бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

Күрделі құрамды етістікті тіркестер осы аталған белгілері бойынша ұқсас болғанмен, лексика-фразеологиялық және грамматикалық мағынаны білдіруі бойынша сөзжасамдық және сөзжасамдық емес тілдік құбылыстар тұрғысынан бір-бірінен ерекшеленеді. Бұлардың ішінде аналитикалық формалы етістіктер құрамындағы тірек сыңарлар грамматикалық семантиканы жеткізуші болса, күрделі етістік пен құранды етістіктер құрамындағы тірек сыңарлар лексикалық единица түзіп, сөзжасамдық қызмет атқарады. Ал етістікті тұрақты тіркестер бір ұғымды білдіруі жағынан күрделі етістіктерге ұқсағанымен, құрамында тұрақты тіркес құраушы тірек компоненттер болуы міндетті емес, олардағы мағыналық сыңарлар кез келген етістіктен бола береді де, тілде ауыспалы мағынаға ие болып, тұрақты тіркестер жасайды. Сол арқылы сөздік қорға енеді.

Күрделі етістіктер жоғарыда аталған ұқсас тілдік құбылыстардан білдіретін мағынасы, құрамы жағынан ерекшеленеді, сөзжасамдық бірлікке жатады. Бұл тілдік құбылыстардың ішінде әсіресе аналитикалық формалы етістіктер сөзжасамдық күрделі етістіктерге өте ұқсас. Алайда күрделі етістік пен етістіктің аналитикалық формасы тілдің екі саласына жатады. Бірі – сөзжасам нысаны, екіншісі – морфологияның

нысаны. Қазақ тіл білімінде бұларды бір-бірінен ажырата қарау Н.Оралбаеваның еңбектерінен басталып, Б.Қасымның кандидаттық диссертациясында арнайы қарастырылды [4].

Күрделі етістік те екі сөздің тіркесуінен жасалады, күрделі етістіктің жасалуына оның жеке сыңарлары бірдей қатысады. Бұлардың да құрамындағы сыңарлары – толық мағыналы етістіктер. Күрделі етістіктер оның құрамындағы жеке сыңарларының мағынасының жиынтығынан жасалған бір күрделі қимылды, бір лексикалық мағынаны білдіреді. Екі сыңар қосылып туынды сөз – күрделі етістік жасайды. Күрделі етістіктің сыңарлары лексикалық мағына беру үшін бір-бірімен тіркеседі, екі сыңары да лексикалық мағынаның жасалуына өз үлесін қосады, яғни күрделі етістіктің мағынасы оның құрамындағы лексикалық мағыналы сыңарлардың мағынасынан туындайды. Мысалы, *алып бар, кіріп шық, алып кел, бара кел, көре кел, алып қайт, беріп қайт, алып қал, алып көр* т.б.

Осы күрделі етістіктердің ішінде *алып бар* етістігін талдайық. *Алып бар* деген күрделі етістіктің лексикалық мағынасы – алудың да, барудың да мағынасын қамтитын біртұтас күрделі қимылдың аты. Оның мағынасы жеке алғандағы алу қимылына да, бару қимылына да тең емес, олардың әрқайсысынан да кең мағына. Өйткені ол – біртұтас қимыл болып түсінілетін, ұғынылатын, қабылданатын дәрежеге жеткен күрделі қимылдың аты. Ол күрделі қимыл екі дара қимылдың біртұтас мағынаға көшуінен қалыптасқан. Талданып отырған *алып бар* күрделі етістігі *ал, бар* етістіктерінің мағыналары жымдасып, кірігіп күрделі қимылды білдіруге көшуі арқылы жасалған. Күрделі етістіктің лексикалық мағынасы оның құрамындағы *ал* етістігінің, сол сияқты *бар* етістігінің ешқайсысының жеке мағынасына сай емес.

Бұлар ұзақ уақыт біртұтас сөз ретінде қолданылып, халық санасында бір қимыл ретінде әбден қалыптасқан. Сондықтан да олардың кейбіреулерінің сыңарлары – дыбыстық жағынан да бірігіп кеткен. Мысалы, *әкел (алып кел), апар (алып бар), әкет (алып кет)*. Ал қалған күрделі етістіктер мұндай дыбыстық жағынан кірігуге жетпегенімен, мағына жағынан тұтастыққа жеткен, сондықтан оларды ешкім екі сөз ретінде қабылдамайды, біртұтас сөз деп біледі, солай айтады, қолданады. Олардың қызметтері тілде дара сөздің барлық белгілеріне сәйкес келеді.

Күрделі етістіктер семантикалық жағынан бір күрделі қимылды білдіреді, тұтас лексикалық мағына береді, синтаксистік жағынан сөйлемде бір ғана қызмет атқарады. Оның құрамындағы сыңарлары сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланысқа түспейді, жеке-жеке

сөйлем мүшесі болмайды, біртұтас бірлік ретінде бір сөйлем мүшесі болады. *Төрт-бес жігіт асыға басып бұның үйіне кіріп кетіп, көп айналмай қара киізге серейтіп буып тастаған бір нәрсені алып шықты* (Кекілбаев). Сөйлемдегі *алып шықты* күрделі етістігі Не істеді? деген сұраққа жауап беріп, бірігіп, баяндауыш қызметін атқарады.

Күрделі етістіктің пайда болуы кездейсоқ құбылыс емес. Олар – сөзжасамдық заңдылықтарға сәйкес түзілген тұлғалар. Күрделі етістіктер құрамындағы жеке сөздер сөйлемде дербес мүше болу қасиетінен айырылып, сыңарлары жеке-жеке емес, бір екпінмен айтылып, лексикалану процесінен өту нәтижесінде пайда болған.

Күрделі етістіктер – бір лексикалық мағына білдіретін, ең кемі екі сыңардан жасалған, тілде жеке дербес сөздің қызметін атқаратын лексикалық бірліктер. Күрделі етістік біртұтас лексикалық мағына берсе ғана күрделі етістік болып танылады. Ал күрделі етістіктің бір лексикалық мағынасы болмаса, оның сыңарларының әрқайсысы өзінше дербес мағына беріп, жеке-жеке сұраққа жауап берсе, ол күрделі етістік емес, сөз тіркесі болар еді. Мысалы: *Ол қарқылдап күлді* дегендегі *қарқылдап күлді* деген сөз тіркесінің әр сыңары *қалай күлді? ол не істеді?* деген сияқты әртүрлі сұрақтарға жауап беріп тұр. Сондықтан бұл күрделі етістікке жатпайды, сөз тіркесі ғана болады.

Күрделі етістіктер білдіретін күрделі қимыл ішкі мағыналық құрамы жағынан:

а) бірінен кейін бірі жасалатын екі қимылдан тұрады: *біліп кет, кіріп шық, біліп шық, әкеп бер.*

ә) бір мезгілде жасалатын қимылдан тұрады: *жетіп келді, босатып жіберді.*

Күрделі етістік жалпы күрделі сөздер сияқты мағыналы етістіктерден жасалады. Сондықтан оның құрамындағы сыңарлары мағына жағынан тең болады. Ұлпан сары жез самауырынды көтеріп, далаға *шығып кетті* (Мүсірепов). Үйіне *қайтып келді* де, қасқыр көрпені айқара жамылып *жатып қалды* (Сонда).

Осы мысалдардағы *шығып кетті, қайтып келді* деген күрделі етістіктердің құрамындағы сыңарлары – мағыналары тең етістіктер. Сондықтан да олардың әрқайсысы біртұтас күрделі қимылдың белгілі бір бөлігін білдіреді.

Күрделі қимыл мағынасы күрделі етістіктердің құрамындағы сыңарлар білдіретін жеке қимылдан тұрады. Бірақ күрделі етістіктің құрамындағы жеке сыңарлар өзінің дербестігінен айырылған. Олардың мағынасы біртұтас мағынаға көшіп, күрделі қимылдың атын жасаған. Күрделі қимыл біртұтас ұғым, бір қимыл дәрежесіне жеткен. Күрделі етістіктердің білдіретін мағынасы адам санасында біртұтас қимыл ретінде танылып, біртұтас қимыл ретінде қалыптасқан. Сондықтан ол неше сыңардан жасалса да, бір лексикалық мағына деп түсініледі, бір қимыл ретінде қабылданады. Мысалы: Кәлен болыс аулына қашып келген жылқышы жігіттен Еламан мен Райды кемемен Қазалыға *жөнелтіп жібергенін* есітті (Нұрпейісов).

Күрделі қимылды бір қимыл деп тану керек, оның мәні бөлшектеуге келмейді. Сондықтан да күрделі етістік білдіретін мағына біртұтас лексикалық мағына болады. Ал осы біртұтас лексикалық мағына оның құрамындағы дербес мағыналы етістіктердің мағынасының кірігіп жымдасуынан, абстракцияланып біртұтас лексикалық мағынаға көшуінен жасалған.

Күрделі етістіктер сөйлемде дара сөздер сияқты түрленеді, сөз түрлендіруші көрсеткіштер күрделі етістік біткен соң, оның соңғы сыңарына жалғанады. Мысалы, оны мына кестеден де көруге болады.

| Күрделі етістік | | Оған қосылатын қосымша | | |
|-----------------|------------------------|------------------------|---|---|
| ауыспалы сыңар | байланыстырушы элемент | тірек сыңар | жұрнақ | жалғау |
| ал | -ып -а | кел- | -гіз -ген -ді -ші -іп -у -се -е -ер -етіндей -іскен -мек | -іңіз -(-іп)ті -(-ген)ге -(-ді)м, -(-ді)к -(-е)ді -(-е)мін -(-е)сің -іңдер -ді -(-іп)пін |

Күрделі етістіктің сыңарларының арасында басқа сөздер тұра алмайды. Мысалы: *келіп кірді, жүріп кеткен, қайтып берді* – күрделі баяндауыштар, күрделі қимылдың бір мезгілде, жалғасы болғанын баяндап тұр. Күрделі етістік сөзжасам арқылы жасалған бір сөз болғандықтан, оның сыңарлары бір сөзді жасаушы құралдар болған соң, бір сөздің ортасын жарып қосымша қосылу сияқты заңдылық тілімізде жоқ.

Күрделі етістіктің құрамы тұрақты, әр уақытта бір құрамда қолданылады, оның сыңарларының орнын ауыстыруға болмайды, олар инверсияға түспейді: *алып кет, жүріп кет, көріп кел, алып кел, барып кел, келе кет, алып қайт, беріп қайт, жазып бер, сатып бер, қайтып ал, сұрап ал, ала бар* т.б.

Тіліміздегі күрделі сөздер бір-ақ екпінге ие болады. Мысалы: *қара ала, қырықбуын (өсімдік), келіп кет, алып бер* т.б. Бұл да күрделі етістіктің негізгі қасиеті, белгісі болып саналады.

Күрделі етістіктердің (сөзжасамдық) құрамы жағынан аналитикалық формалы етістіктерден айырмашылығы тек екі етістіктің (үшеуі тіркеспейді) тіркесуі арқылы жасалады. Сөзжасамдық тұрғыдан танылып жүрген күрделі етістіктерде (*кіріп шықты, әкеліп берді*) екі сыңары да лексикалық

мағыналарын жоғалпайды, екі етістіктің мағынасы қосылып, қимылдың екі кесіндісінен тұратын біртұтас қимылды білдіреді. Ғалымдар осы ерекшелігіне қарай күрделі етістіктерді сөзжасамдық құбылысқа, сөзжасам саласының нысанына жатқызады. Мұндай күрделі етістіктер де сөйлемде бір ғана сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

Күрделі етістіктерді жасауға олардың екі сыңары бірдей қатысады. Олардың құрамындағы сыңарлары – екеуі де толық мағыналы етістіктер, ал аналитикалық формалы етістіктерде бірінші сыңарлары – толық мағыналы етістіктер де, ал екінші сыңарлары – көмекші етістіктер болып табылады. Сонымен қатар күрделі етістіктер мен аналитикалық формалы етістіктердің айырмашылығы – олардың сөзжасамдық және грамматикалық қызметінде. Мысалы, күрделі етістіктерде екі етістік сыңар қосылып, қимылдың екі кесіндісін білдіріп, сөзжасамдық қызмет атқарса, аналитикалық формалы етістіктерде негізгі лексикалық мағына бірінші сыңарда сақталып тұрады да, көмекші етістік оған грамматикалық мағына үстейді. *Шық* тірек компоненті арқылы жасалған күрделі етістік пен аналитикалық формалы етістіктің мағынасын салыстырып көрелік. *Оқып шықты* – аналитикалық етістік, *кіріп шықты* – күрделі етістік. *Оқып шықты* деген тіркесте *шық* етістігі көмекші етістік қызметін атқарып, оқу әрекетінің аяқталғанын білдіріп, қимылдың аяқталу фазасына қатысты грамматикалық мағынаны білдіреді. Ал *кіріп шықты* етістігінде *шық* етістігі көмекші сөз қызметінде жұмсалмаған, алғашқы сыңармен бірдей дәрежеде біртұтас күрделі қимылды білдіретін жаңа сөздің туындауына негіз болып тірек компонент қызметін атқарып тұр.

Аналитикалық формалы етістіктер құрамы екі не үш етістіктің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы, *жасай сал, жүгіре жөнел, айта баста* т.б. Бірінші сыңарлары толық мағыналы негізгі етістік, екінші сыңарлары – тіркес құрамында лексикалық мағыналарынан айрылып, грамматикалық мағына білдіруге көшкен көмекші етістіктер. Мысалы: *жасай сал, жүгіре жөнел, айта баста* т.б.

Есім шығып, стартері істемейтіні ойда жоқ, кілтті бұрап сөндіріп тастаппын (Қ.Өзденбекова) деген сөйлемде *сөндіріп тастаппын* аналитикалық етістігі *не істеді?* деген сұраққа жауап беріп, баяндауыш қызметін атқарады. Екі етістік бірігіп, бір ғана сөйлем мүшесі болады. Бұл сөйлемдердегі күрделі етістіктердің сыңарларының ортасын бөлуге келмейді, олар біртұтас бірлік ретінде қолданылады. Көмекші етістіктер мағыналары негізгі етістіктерге байлаулы болады, көмекші етістіктер қимылдың өту сипатын (немқұрайлы істелгенін, тез жүзеге асқанын, қимылдың басталу фазасын) білдіреді. Аналитикалық формалы етістіктерде көмекші етістіктер форма тудырушы қосымшалар сияқты негізгі тіркескен сөзіне грамматикалық мағына үстейді. Бұл тұрғыдан аналитикалық формалы етістіктерді грамматикалық тілдік құбылысқа жатқызуға болады.

Аналитикалық формалы етістіктерді көсемше формалы етістіктер мен көмекші етістіктер тіркесі жасайды. Тілдегі аналитикалық формалы етістіктер жасайтын тұрақты аналитикалық құрылымды аналитикалық форманттар деп атайды. Мысалы, *-ып сал, -а жөнел, -ып таста* т.б.

Аналитикалық форманттар сөз түрлендіруші морфемалардың қызметіне ұқсайды.

Аналитикалық формалы етістіктер сыңарларының қызметі бірдей емес, яғни тең емес сыңарлардан құралады, екіншісі лексикалық мағынасынан айрылып, грамматикалық қызметке көшеді. Яғни аналитикалық формалы етістіктерде бір ғана лексикалық мағына болады. Аналитикалық етістіктер мен күрделі етістіктерді ажыратудың белгісі – осы олардың сыңарларының тең және тең емес сыңарлардан жасалуы.

Күрделі етістіктердің сыңарлары жаңа мағына жасағанда, жеке дара тұрғандағы лексикалық мағыналарынан алшақ кетпейді. Яғни күрделі етістіктердің компоненттері дара тұрғанда да, күрделі етістік құрамында тұрғанда да бір мағынаны білдіреді. Мысалы, *алып кел* деген күрделі етістіктің компоненттері дара *ал* және *кел* етістіктерінен басқа мағынада тұрған жоқ. Дара тұрғанда олар *ал*, *кел* деген дара қимылды білдірсе, *алып кел* дегенде бірінен соң бірі іле-шала жасалатын біртұтас күрделі қимыл болып тұр. Бұлардың әрқайсысын басқа етістіктермен тіркесінде алып қарасақ та, олардың лексикалық мағыналары сақталады. Мысалы, *алып кел*, *көріп кел*, *айтып кел*, *барып кел* т.б.

Қысқасы, күрделі етістіктердің мынадай өзіндік белгілері бар:

1) Күрделі етістіктер күрделі қимылды білдіреді, күрделі етістік күрделі бір қимыл ретінде танылуы керек, оның мәні бөлшектеуге келмейді;

2) Күрделі етістік біртұтас лексикалық мағынаға ие. Күрделі етістік білдіретін күрделі қимыл ұғымы оның құрамындағы сыңарларының жеке мағыналарына тең емес, солардың мағыналық қосындысынан туады, сыңарларының мағынасы тұтас мағынаға кіреді;

3) Екі сыңары тіркесіп, бірінен кейін бірі іле-шала орындалған күрделі қимылды білдіріп, сөзжасамдық қызмет атқарады, яғни құрамындағы екі етістік лексикалық мағына беру үшін бір-бірімен тіркеседі, екі сыңары да лексикалық мағынаның жасалуына өзіндік үлесін қосады. Олардың құрамындағы сыңарлардың ешқайсысы да грамматикалық мағына үстеуші қызмет атқармайды. Күрделі етістіктердің сыңарлары лексикалық мағына жасаушы, яғни сөзжасамдық тұлға қызметін атқарады.

4) Күрделі етістіктер құрамы жағынан екі дербес мағыналық етістіктерден тұрады, тек мағыналы етістіктерден жасалады, құрамындағы сыңарлары мағына жағынан тең болады.

5) Күрделі етістіктерде екі сыңар бір-бірімен көсемше жұрнақтары арқылы байланысады. Әсіресе, *-ып/ін/н* жұрнақтары күрделі етістіктер жасауда өнімді тұлғалар болып табылады.

6) Күрделі етістіктер дара етістіктер сияқты түрленеді, сөз түрлендіруші жұрнақтар күрделі етістіктің соңына, яғни екінші сыңардан кейін жалғанады.

7) Күрделі етістіктер дербес сөздер болғандықтан, сөйлемнің бір мүшесінің қызметін атқарады, оның сыңарлары жеке-жеке сөйлем мүшесі бола алмайды, оның құрамындағы сыңарлары сөйлемде басқа сөздермен синтаксистік байланысқа түспейді.

8) Күрделі етістіктің құрамы тұрақты, қашанда бір құрамда қолданылады, себебі сыңардың орнын ауыстыруға болмайды. Күрделі етістік сыңарларының арасына басқа сөз кіре алмайды. Мысалы, *барып шық* етістігін *бар* сосын *шық* деп қолданбаймыз.

9) Күрделі етістік бір-ақ екпінге ие болады, яғни екі тіркес құрамын бөлектеп айтуға келмейді.

Сонымен, күрделі етістіктер – тілдің сөзжасам құбылысына жататын, күрделі қимылды білдіретін лексикалық бірліктер.

Күрделі етістіктің құрылымы

Күрделі етістіктің құрылымы жағынан оның сыңарлары негізгі түбірлер де, туынды және біріккен түбірлер бола береді. Бұларды құрылымы жағынан өзіне ұқсас күрделі тілдік құбылыстардан ерекшелейтін негізгі белгісі – лексикалық бірлік ретінде күрделі қимылды білдіруі. Күрделі қимыл адам санасында біртұтас қимыл ретінде қабылданып, бір қимыл ұғымын білдіреді. *Өлдім-талдым дегенде, бір бұзаулы сиыр бермек боп, бүкірді алып қайтқан* (Аймауытов). Осындағы *алып қайтқан* – күрделі қимылды білдіретін, лексикалық бірлік, бір уақытта жасалатын біртұтас қимыл іштей екі кезеңнен тұрады: біріншісі – *алу*, екіншісі – *қайту*. Қыстай қала-даласына мінетін жалғыз кер қасқа атты шабарман *ұстап әкетіпті* (Сонда).

Бұларда келтірілген *әкет, қайт* сөздері күрделі етістік жасаған.

Күрделі етістіктер көне замандардан әбден қалыптасқан заңдылықтар бойынша жасалады. Күрделі етістіктер белгілі модельдер (үлгі) арқылы түзілген. Қазіргі түркі тілдерінде қолданылатын модель: *етістік+көсемшенің жұрнағы+етістік*.

Күрделі етістік жасайтын сыңарлардың сөзжасамдық қызметі әртүрлі, өйткені күрделі етістіктің құрамына кіретін сыңарлардың қызметінде өзіндік ерекшелік бар.

Қазақ тіліндегі күрделі етістіктердің соңғы сыңары ретінде тілде бір топ етістіктер ғана қолданылады, ал олардың алғашқы сыңары түрлі етістіктерден бола береді. Мысалы: *алып келді, көріп келді, айтып келді, байқап келді, беріп келді, біліп келді, бітіріп келді, еріп келді, өрлеп келді, көшіп келді, қайтып келді, қаптап келді, қарап келді* т.б.

Келтірілген күрделі етістіктердің алғашқы сыңары өзгеріп отыр, ал соңғы сыңары олардың бәрінде қайталанатын. Соңғы сыңарда қайталанатын етістіктердің саны да, аумағы да белгілі, ондай етістіктер тілде 20 шақты. Бұлар күрделі етістік жасаушы етістіктер, бұларды кейде тірек компоненттер деп те атайды. Олар түрлі етістіктерге тіркесіп, күрделі етістік жасайды.

Етістіктердің бір-бірімен тіркесуі, өзара байланысуы қалай болса солай емес, белгілі бір тәсілдер, тілдің грамматикалық жүйесінде қалыптасып, орныққан заңдылықтар бойынша іске асады.

Күрделі етістіктің құрамындағы сыңарлар бірімен-бірі үнемі көсемше арқылы байланысады. Олар – көсемшенің *-ып, -іп, -п* және *-а, -е, -й* қосымшалары. Көсемше – сөйлемдегі негізгі қимылдың қалай жасалғанын білдіретін тұлға. Көсемшенің осы қасиеті оның басқа етістіктердің алдынан тіркесуін қалыптастырған. Мысалы: Бұрынғы дағдысындай кейде *суырылып*, кейде *сапылдай* сөйлеп кетті (Өуезов). Енді жақын аға, туыстай, *еркелетіп* айтты (Сонда).

Көсемшенің осы негізгі қызметі оның өзінен соң етістік тұруын қалайды, себебі ол қимылды сипаттайды, пысықтайды. Мысалы, *күле кірді, сөйлей кірді, ашулана кірді, түнеріп кірді* т.б. Осы сияқты байланысқа түскен көсемшенің негізгі етістіктің алдынан келіп тіркесуі оның етістік сөз тіркесін туғызған. Бұл тіркестерде бір негізгі қимылды түрліше сипаттап, көсемше тұлғалы етістік Қалай кірді? сұрағына жауап беріп, пысықтауыш қызметін атқарады.

Осы нұсқадағы секілді тіркестер ұзақ уақыт, жиі қолданыла келе күрделі етістікке көшкен. Келе-келе көсемше байланыстырушы элементке айналған. Сақыш мені *ізден келді* (Есенберлин). Ауылдар жазғытұрым қонатын үйлеріне *көшіп келді* (Мүсірепов). Әжем, мені қасына *ерте кетті* (Мұқанов). Осы мысалдардағы күрделі етістік бірімен-бірі көсемшенің *-ып, -іп* және *-е* элементі арқылы байланысып тұр. Бұл тіркестерде көсемше тұлғалы етістікке Қалай? сұрағы қойылмайды. Не істеді? сұрағына жауап беріп, екі етістік бірігіп баяндауыш қызметін атқарады.

Күрделі етістіктерді сөз тіркесінен ажыратудың қиындығы - олардың жасалу жолының ұқсастығында. Яғни оларды айырудың өлшемі ретінде қарайтын формальді белгі жоқ. Оны семантикалық тұтастық, лексикалану ерекшелігіне қарай анықтау қажет.

Күрделі етістіктерде екі етістік бір-бірімен көсемше формасы арқылы байланысады. Бірақ бұл байланыста көсемше форма өзінің қимыл-сын мәнін жоғалтып, тек дәнекер байланыстырушы элементке айналады. Ал сөз тіркесінде көсемше форма қимылды пысықтап, қалай? сұрауына жауап береді және тіркескен етістікпен тұтаспай, яғни күрделі баяндауыш болмай, пысықтауыш қызметін атқарып тұрады. Мысалы:

Ол шұңқырдан еңбектеп шықты.

Қалай шықты?- еңбектеп шықты.

Көсемше көрсеткіштерінің күрделі етістіктердің сыңарларын байланыстыруға қатысу белсенділігі бірдей емес. Бұлардың ішінде осы қызметті өте белсенді атқаратын қосымша: *-ын, -ін, -н*. Тілдік деректерге қарағанда, сыңарлары *-ын* қосымшасы арқылы байланысқан күрделі етістік сөздік қорда көп кездеседі ал *-а, -е, -й* қосымшалары арқылы байланысқан күрделі етістіктер тілде аз. Бұның өзі *-ын* қосымшасымен тіркескен тірек сыңарлардың күрделі етістіктер жасауда өнімді екенін көрсетеді.

Күрделі етістіктердің тірек сыңары

Тілімізде тірек сыңар арқылы жасалған күрделі етістіктердің жалпы саны 2000-ға жуық. Мұның өзі тірек сыңардың күрделі етістік жасауда өнімді қызмет атқаратынын көрсетеді. Бұл, әрине, тірек сыңарлардың тіліміздің сөздік қорын толықтырудағы ерекше қызметіне дәлел. Күрделі етістік жасаудағы ерекшелігіне қарай тірек сыңарлар өте өнімді, өнімді, өнімсіз деп үшке бөлінеді.

Өте өнімді тірек сыңарларға *кел, кет, қайт, шық, ал, бер* сияқты етістіктер жатады. Өте өнімді тірек сыңарлар түрлі семантикалық топтағы етістіктерден күрделі етістік жасайды. Сондықтан олардың сөзжасам мүмкіндігі зор, солардың қатысуымен тілімізде өте көп күрделі етістік жасалған. Мұндағы әр етістік 8-230 аралығында күрделі етістік жасаған.

Өнімді тірек сыңар болатын етістіктерге: *таста, өт, әкел, әкет, жібер, қой, бар, қал* етістіктері жатады. Бұл топтағы тірек сыңарлар сөзжасам аясы бірінші топпен салыстырғанда аздау. Бұлардың әрқайсысынан 30-50 аралығында күрделі етістік жасалады.

Ал, үшінші топтағы тірек сыңарлары өнімсіз түрге жатады. Оған мына етістіктер кіреді: *түс, кір, қаш, бер, қара*. Соның өзінде тірек сыңарлардың кейбіреуі 30-дай, кем дегенде 10-ға дейін күрделі етістік жасаған.

Тірек сыңарлардан жасалған күрделі етістіктер сөйлем құрау үстінде әрдайым жаңадан жасалмайды. Олардың әрқайсысы әр кезеңде жасалып, тілге біржолата енген, сол қалпында дайын лексикалық тұлға, даяр ұғым ретінде қолданылады. Оларды әдебиет тілінен, жазба ескерткіштер тілінен кездестіреміз.

Күрделі етістік жасауға қатысатын тірек сыңардың белгілі саны бар. Олар тілімізде шамамен алғанда 30 шақты. Солардың ішінде өнімдісі 20-дай. Олар: *кет, кел, ал, жет, әкет, қайт, бер, шық, таста, жібер, өт, қой, бар, қал, көр, кір, жөнел, қара, біт, түс* т.б.

Тірек сыңар болатын етістіктердің мынадай ерекшеліктері бар.

1) Тірек сыңар болатын етістіктер – көне замандардан келе жатқан байырғы сөздер.

Зарланған шаһзаданың даусын естіп,

Есіктен *кіріп келіп* төкті жасты.

Бишара ата-анасы жетіп келіп,

Баласын халі мүшкіл көрді дейді (Ғашықнаме).

2) Тірек сыңар болатын етістіктер – жалпы мағыналы сөздер. Бұлардың тірек сыңарға айналуына жалпы мағынасы себеп болған деп ойлаймыз. Басқа етістіктермен салыстырғанда, тірек сыңар болатын етістіктердің жалпылық қасиеті күшті. Мысалы: *бар, кел, кет, қайт, шық* т.т. тірек компоненттерін *ки, сөйле, сана, күл* етістіктерімен салыстырсақ, соңғы етістіктердің деректілік мағынасы басым екенін көрінеді. Сондықтан соңғы топтағы нақтылы мағыналы етістіктер тірек сыңар ретінде қалыптаспаған.

3) Тіліміздегі күрделі етістік жасайтын, тірек сыңар болатын етістіктердің тағы бір ерекшелігі олар негізгі түбір етістіктер болып табылады: *ал, бер, бар, кел, қайт, қал, кір, қой, жөнел, жібер, өт, таста, түс, шық* т.б.

4) Тірек сыңар күрделі етістікте екінші орында тұрып, күрделі етістікте аяқтауыш элемент болып саналады, сондықтан, сөйлемде сөз түрлендіруші қосымшалар тірек сыңарға қосылады. Мысалы: Ол кеше *келіп кетті* (Мұқанов). Олар бірнеше ай Семейде жүріп, жаңа *қайтып келген* (Әуезов).

5) Тірек сыңарлардың мағынасы ол арқылы жасалған барлық күрделі етістікте мағына байланыстылығын туғызады. Мысалы, *көріп ал, жазып ал, сынап ал, жасап ал, қарап ал, таңдап ал, сұрап ал, жинап ал, тартып ал* сияқты күрделі етістіктердің бәрінде *алу* тірек сыңары арқылы туатын мағына олардың мағына байланыстылығын туғызып тұр. Бұл – барлық тірек сыңарларға ортақ қасиет. Мысалы: Қараған деген шілік бар, *қазып аласыңдар*

да, төсек етесіңдер (Мүсірепов). ... Әр жерде шашылып жатқан бас киімін, белбеуін, бешпентін *теріп алып*, киіне бастады (Жұмаділов).

6) Күрделі етістіктің тірек сыңарлары бірнеше күрделі етістіктің жасалуына қызмет етіп, олардың бәріне ортақ болады: *жұлып таста, алып таста, бөліп таста, лақтырып таста, жарып таста, апарып таста, суырып таста* т.б.

7) Күрделі етістіктің тірек сыңары – тілде күрделі етістік жасаушы негізгі нұсқа. Оның қызметі сөзжасамның синтетикалық тәсіліндегі сөзжасамдық жұрнақтың қызметімен сәйкес келеді. Етістік сөзжасамында синтетикалық тәсілде сөз жасаушы нұсқа – жұрнақ, аналитикалық тәсілде сөз жасаушы нұсқа – тірек сыңар қызметін атқаратын етістіктер.

8) Тірек сыңар болатын етістіктер төмендегідей екі мағыналық топты құрайды:

а) амал-әрекет: *ал, бер, қара, таста, қой*. Жұртқа көмір не сексеуіл *тиеп береміз* (Қанахин). Білезіктерді жылдам *шешіп алып*, бөтен бөлмедегі шкафқа апарып тығып қойды (Есенберлин). Бөжей көші Мұсақұлға *қонып қалды* (Әуезов).

ә) қимыл-қозғалыс: *бар, әкел, кел, әкет, кет, кір, қайт, жібер, қап, өт, түс, шық*.

Тірек компоненттер күрделі етістіктер (сөзжасамдық) мен аналитикалық формалы етістіктер жасауда өте жиі қолданылады. Күрделі етістіктер жасауда күрделі ұғымды білдіретін қимыл-әрекетті білдіру үшін қызмет етсе, аналитикалық формалы етістік жасауда қосымшалар сияқты негізгі етістікке қимылдың қалай өткенін пысықтайтын грамматикалық мағына үстейді. Күрделі етістіктер мен аналитикалық формалы етістік жасайтын тірек компоненттер – көмекші етістіктердің тілімізде жиі кездесетінін қазақ сөздерінің статистикалық дереккөздерінен көреміз. 2016 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында жарық көрген 7 миллион сөзқолданыстан тұратын мәтіндерден алынған «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігінде» ең жоғары жиіліктегі сөздер тобын осы көмекші етістіктер құрайды. Мысалы, *бол* сөзі ең жоғары жиіліктегі сөз – 108133 рет, *ал* – 43359 рет, *бер* – 40295 рет, *кел* – 34526 рет, *кет* – 22105 рет, *қал* – 16242 рет, т.б.

Күрделі етістіктердің ауыспалы сыңары

Күрделі етістіктердің бірінші сыңары ауыспалы, өзгергіш келеді. Бір күрделі етістіктегі (*сатып кет, алып кет*) бірінші сыңардың басқа күрделі етістікте кездесуі міндетті емес, ал тірек сыңар бірнеше күрделі етістікте қолданылады.

| | | | |
|------|--|----|--|
| айда | | аш | |
|------|--|----|--|

| | | | |
|--|-----------------------------|---|----------------------------|
| айт ал байла жаса кез кел | -ып/-іп, -п кет- | бол айт қор бар кел қара | -ып/-іп, -п ал- |
|--|-----------------------------|---|----------------------------|

Кестеде екі топ күрделі етістік берілген, олардың алғашқы тобы *кет* тірек сыңар арқылы жасалса, екінші тобы *ал* тірек сыңар арқылы жасалған. Сондықтан бір тірек сыңардан жасалған күрделі етістіктердің соңғы сыңары тұрақты болады. Ол тірек сыңар әртүрлі етістіктерден күрделі етістік жасайтын болғандықтан, алдыңғы сыңар ауыспалы болады.

Кестеде олар арқылы жасалған күрделі етістіктердің тек аз тобы ғана келтірілген. Дәлірек айтсақ, *кет* тірек сыңар арқылы тілде 200-ден астам күрделі етістік жасалған. Сонда ол күрделі етістіктердің жасалуына 200-ден астам етістік қатысқан. Ауыспалы сыңар тіліміздегі негізгі және туынды етістіктерден бола береді. Олардың дәл санын көрсету қиын, себебі олардың ауқымы өте кең. Ауыспалы сыңардың түрлілігін бір ғана *кел* тірек сыңарынан жасалған күрделі етістіктердің көбін тізіп көрсетуге болады. Мысалы, *ағылып келді, ағытып келді, айдап келді, айналып келді, айтып келді, алып келді, ауып келді, байқап келді, барлап келді, босап келді, бөлініп келді, біліп келді, көтеріп келді, көшіп келді, қырып келді, құлап келді, тақап келді, шарлап келді, ілесіп келді, істеп келді* т.б.

Келтірілген мысалдардағы күрделі етістіктердің ауыспалы сыңарларынан олардың алуан түрлілігін анық көруге болады. Бір үлгімен жасалған күрделі сөздің саны қанша болса, ауыспалы сыңары да сонша болады. Сондықтан күрделі етістіктердің ауыспалы сыңарына саны жағынан ешбір шек, тежеу қойылмайды. Тілдегі күрделі етістіктердің қайсысының да күрделі етістіктің ауыспалы сыңары болу мүмкіндігі бар.

Ауыспалы сыңар болатын етістіктердің білдіретін қимылы тірек сыңар етістіктің білдіретін қимылымен сыйыса алатын, онымен не бірге, не қатар жасалатын, бірімен-бірі жалғасып, ұштасып, мағынасы кіріге алатын болуы өте қажет. Ауыспалы етістікті таңдау тірек сыңар етістіктің мағынасына байланысты. Тірек сыңар етістіктер өз мағынасына жақындығы бар етістіктерден ғана күрделі етістіктер жасаған. Мысалы: Мүсіреп пен Шынар ауылына *қайтып кетті* (Мүсірепов). Мұның әлдеқандай жалынышты түрін көруге шыдамай, Ұлпан *шығып кетті* (Сонда). Осы мысалдардағы ауыспалы сыңарларға *таста* (қайтып тастады, шығып тастады), *жөнел* (қайтып жөнелді, шығып жөнелді) сияқты тірек компоненттерді тіркестіре алмаймыз.

Бұл жағдай жалпы туынды сөз жасаудың бәріне ортақ қасиет. Мәселен, кез келген жұрнақ кез келген сөзден туынды түбір жасай бермейді. Онда да талғау қасиеті бар. Дегенмен, негізгі сөз болудың аясы кең екені белгілі, сол сияқты ауыспалы сыңар болудың да мүмкіндігі мол.

Күрделі етістіктердің бірінші сыңары ауыспалы, өзгергіш келеді. Бір күрделі етістіктегі (*айтып кет, алып кет, байлап кет, жасап кет, келіп кет,*

мініп кет, ішіп кет т.б.) бірінші сыңардың басқа күрделі етістікте кездесуі міндетті емес, ал тірек сыңар басқа да күрделі етістіктердің құрамында болуы заңды құбылыс.

Күрделі етістіктер – дербес лексикалық бірлік (Күрделі етістіктерді лексикографиялау мәселелері)

Күрделі етістіктер (қимыл мәнді күрделі сөздер) – біртұтас лексикалық бірлік (*кіріп шықты, барып келді, апарып берді, шығарып әкелді*). Олай болса, олар сөздіктер реестрінде берілуі қажет. Қазақ тілінде күрделі етістіктер сөздіктердің ешбіріне енбеген. Күрделі етістіктерге ұқсас құбылыстар ретінде жоғарыда аталған құранды етістіктер мен етістікті тұрақты тіркестер әуелден-ақ сөздік бірлік ретінде танылған, соған орай сөздіктер сөзтізбесінен де орын алады. Ал аналитикалық формалы етістіктер грамматикалық құбылыс болғандықтан, олар сөздік бірлік ретінде танылмайды, реестрлік қатар құрамайды да. Ал күрделі етістіктер сөзжасамдық құбылыс болғандықтан, оларды сөздіктер сөзтізбесіне енгізу – проблемалық мәселе.

Күрделі етістік жасауда да екінші сыңары көбінесе тірек компоненттер деп аталатын көмекші етістіктер болып келеді. Алайда күрделі етістіктерде тірек компоненттердің мағынасы өздерінің лексикалық мағынасында қолданылады. Абстракты грамматикалық мағынаға айналмайды. Ал аналитикалық формалы етістіктерде тірек компоненттер өздерінің лексикалық мағынасында емес, абстракталып, грамматикалық мәнде қолданылады. Төменде бірнеше күрделі етістіктердің мағына тұтастығына қарай, түсіндірме (дефиниция) беріп көрелік:

Алып шықты. к ү р д. а) *Затты, нәрсені қолына алып не бірге ертіп сыртқа шығарды.* Ал енді ыдыс-аяқ салынған сандық ашылғанда бір каробка пышақты а л ы п ш ы қ т ы (Қ.Өзенбаева, Асықты көрпе). Мәди қызды байлаудан босатып есік алдына а л ы п ш ы қ т ы да, шашынан сипап көзінің жасын сүрте бастады (Ә.Әбішев, Жаралы сұңқар). ә) а у ы с. *Бір жұмысты өзі не өздерінің күшімен бітірді, нәтижеге қол жеткізді. Жарыста өз командасын қалайда а л ы п ш ы ғ а т ы н* (Ауызекі).

Барып шықты. к ү р д. *Бір жерде болып, қайта кетті, біреудің үйіне т.б. соғып кетті.*

Кіріп шықты. к ү р д. *Бір жерге жолай соғып кетті.* Үлкен кісі үйіне к і р і п ш ы қ т ы (Қ.Түменбаев, Ағаш ескерткіш).

Айтып келді. к ү р д. *Бір нәрсе туралы хабардар етті, естігенін келген жеріне жеткізді.*

Барып келді. к ү р д. *Бір жерде болып, қайта оралды, жолсапардан қайтты.* Жаппар мынау қолға ұстар дәнеңесі жоқ мөп-мөлдір, шегіне шетіне жетіп болмайтын тұлдыр көкке қарай б а р ы п к е л д і (Ә. Кекілбаев, Мұнара).

Әкеліп берді. к ү р д. *Бір затты алып, біреуге ұстатты.*

Апарып берді. к ү р д. *Бір затты біреуге не бір жерге жеткізді.* Онда біздің жұмысымыз жоқ, жоғалыңдар, – деп апайлар дорбаны апарып берді (Қ.Өзденбаева, Додаға түскен дорбалар).

Жоғарыда *шық, кел, бер* етістіктері арқылы жасалған күрделі етістіктер берілген. Аталған етістіктер/тірек компоненттер күрделі етістіктер (сөзжасамдық) жасағанда, біртұтас қимылдың кесіндісі ретінде көбінесе өздерінің негізгі мағынасында жұмсалады, грамматикалық мағына үстеп, көмекші етістік қызметін атқармайды.

Қазақ тілінде ойды жеткізудің негізгі құралы етістіктер болғандықтан, олардың бірнеше етістіктен құралып (күрделі етістік жасап) біртұтас лексикалық мағынаны білдіруі жиі кездеседі. Қазақ тілін үйренушіге, әсіресе, етістік сөз табының күрделі құрамды бірліктерінің мағынасын білу маңызды болып табылады. Сондықтан, келешекте күрделі етістіктерді сөздіктер сөзтізбесінде беру қажет немесе арнайы күрделі етістіктер сөздігін шығару керек деп санаймыз.

1 Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы: Ғылым, 1966. – 163 б.

2 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. – 382 б.

3 Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 136 б.

4 Қасым Б. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер. – Алматы, 1996.